КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2023 жылғы 15 мамыр №5265-23-00-2/564 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Л.Н.Калдиева,
сот отырысының хатшысы Ж.Аманованың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Шымкент қаласының құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Build Stroy» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану
2.тұрақсыздықты өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі Б.Кулатаев,
жауапкер өкілі Е.Мещерин,
аудармашы Д.Оспанов,
прокурор Ж.Азимбаева.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

«Шымкент қаласы, Тұран шағын ауданындағы 26 орамды инженерлік коммуникациялық жүйелерінің құрылысы» нысаны бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарын атқару үшін «Шымкент қаласының құрылыс

Құжатқа қол қойылған: Калдиева Л. Н., 22.05.2023
Заңды күшіне енген күні: 27.07.2023, судья Калдиева Л. Н., 09.08.2023
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

басқармасы» ММ-мен (тапсырыс беруші) мен «Build Stroi» ЖШС-ы (өнім беруші) арасында 13 мамыр 2020 жылы №296 құрылыс саласындағы жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы келісім шарты (әрі қарай - Шарт) және 22 қазан 2022 жылы №296/8 қосымша келісім шарты түзілген.

Шарттың №1 Қосымшасына сай Шымкент қаласы, Тұран шағын ауданындағы 26 орамды инженерлік коммуникациялық жүйелерінің қрылысы ЖСҚ-қа сәйкес орындалуы тиіс.

Орындалу мерзімі өндіріс кестесіне сай 31 желтоқсан 2022 жыл, шарттың әрекет ету мерзімі 31 желтоқсан 2024 жыл.

Бекітілген өндіріс кестесіне сай, 2022 жылдың қараша айында 112 457 141,32 тенгеге, желтоқсан айында 77 542 858,68 тенгеге жұмыстар қарастырылған.

«Шымкент қаласы, Тұран ықшам ауданындағы 26 орамды инженерлік коммуникациялық жүйелерінің құрылысы» нысанының 2022 жылға бекітілген өндірістік кестесінде көрсетілген №1,2,3,4,9,10,11,12,13,14,15 тұрғын үйлер аталған нысанның жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу барысында берілген тұрғын үйлердің реттік санауы, ал №20,21,22,23,24,25,26,27,28,29,30,31,32,33,34 тұрғын үйлер, сол тұрғын үйлердің құрылысына жобамен берілген реттік саны болып табылады.

Аталған нысан бойынша 2022 жылдың қараша және желтоқсан айларына және 22 қазан 2022 жылы №296/8 қосымша келісім шартта қаралған 5 000 000 тенге қалдық қаржыны уақытында игеру керектігі мақсатында, орындалған жұмыстар көлемінің актісін талап қоюшыға ұсыну керектігі туралы, болмаған жағдайда тұрақсыздық айыппұл есептелінетіні жөнінде 22 қараша 2022 жылы №19-06-04/5002 хатымен және анықталған кемшіліктерді 2022 жылдың 5 желтоқсанына дейін қалпына келтіру бойынша 30 қараша 2022 жылы №19-06-04/5123 хатымен хабарланған.

Алайда 2022 жылдың қараша мен желтоқсан айларына қарастырылған жұмыстар қазіргі таңға дейін орындалмаған.

Шарт 2 мамыр 2023 жылы бұзылған.

Талап қоюшы талап қоюын нақтылап, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және 1 374 134 тенге тұрақсыздық төлемін өндіру туралы талап қоюымен сотқа жүгінген.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талапты қуаттап, қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер өкілі талап қоюын мойындамай, жұмыстарды тиісті түрде атқаруға қыс ауасындағы ауа-райының қолайсыздығы және нысанда басқа құрылыс мекемелері жұмыстарын бітірмеуіне байланысты өздеріне алған міндеттемелерін орындай алмағанын көрсете келе, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Құжатқа қол қойылған: Калдиева Л. Н., 22.05.2023

Заңды күшіне енген күні: 27.07.2023, судья Калдиева Л. Н., 09.08.2023

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Прокурор талап қою қанағаттандырусыз қалдырылуға жататындығы жөнінде қорытынды берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап бойынша.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу» туралы Заңының (әрі қарай - Заң) 12-бабының 4-тармағына 3 тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасасқан шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған не тиісті дәрежеде орындамаған өнім берушілердің тізбесі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (әрі қарай - АК) 272 бабына сәйкес, міндеттемелер міндеттеменің шартына және заң талаптарына сәйкес, тиісінше орындалуы тиіс.

Тараптар арасында түзілген шарт бойынша жауапкер «Шымкент қаласы, Тұран ықшам ауданындағы 26 орамды инженерлік коммуникациялық жүйелерінің құрылысы» нысанға 2022 жылға бекітілген өндірістік кестесінде көрсетілген тұрғын үйлер бойынша 2022 жылдың қараша айында 112 457 141,32 тенгеге, желтоқсан айында 77 542 858,68 тенгеге жұмыстарды орындап, тапсыруға міндеттенген.

Алайда жұмыстар қазіргі таңға дейін өндірістік кестеге сай орындалмаған, тапсырылмаған.

Жауапкердің жұмыстарды тиісті түрде атқаруына қыс ауасындағы ауа-райының қолайсыздығы және нысанда басқа құрылыс мекемелері жұмыстарын жүргізуіне байланысты өздеріне алған міндеттемелерін орындай алмағаны туралы уәжін сот негізсіз деп табады.

Себебі құрылыс жұмыстарын орындау мақсатында «Build Stroi» ЖШС-гі 12 және 9 қабатты №20,21,22,23,24,25,26,27 және №28,29,30,31,32,33,34 тұрғын үйлердің аумағына кез келген уақытта кіріп құрылыс жұмыстарын еш кедергісіз жүргізе алатыны, сонымен қатар, инженерлік жүйелер өтетін барлық жерге кіруге рұқсаты бар екендігі жөнінде мердігер мекеменің өкілі қатысуымен нысан басында техникалық және авторлық қадағалаушылармен бірлесе 3, 16, 25 қараша 2022 жылы актілер түзілген. Сонымен қатар жұмысшыларының саны өте аз, жұмыс баяу жүргізілгені талап қоюшының хаттарында көрсетілген.

Істің мұндай тұрғысында сот жауапкерді мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шартта көзделген жұмыстарды тиісті түрде орындаудан бас тартқан деген қорытындыға келді. Сондықтан сот талап қоюшының

Құжатқа қол қойылған: Калдиева Л. Н., 22.05.2023

Заңды күшіне енген күні: 27.07.2023, судья Калдиева Л. Н., 09.08.2023

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы заңды және қанағаттандырылуға жатады деп табады.

№2 талап бойынша.

АК-нің 293 бабына сәйкес, тұрақсыздық (айыппұл) - заңнамамен, немесе келісім-шартпен анықталған, борышкер міндеттемелерді орындамағанда, немесе тиісінше орындамағанда, сонымен бірге мерзімінен кешіктіргенде несие берушіге төлеуге міндетті ақшалай сома болып табылады.

Жоғарыда аталған келісім-шарттың 8.3 тармағына сәйкес, Жұмыстарды орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда Тапсырыс беруші Мердігер міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда Мердігерден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстап қалады (өндіріп алады) немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда орындалмаған міндеттемелер сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстап қалады (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімақының) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 % артық болмауы тиіс.

Талап қоюшы тарапынан 2022 жылдың қорытындысымен игеру жоспарланған қаржы көлемі мердігер тарапынан игерілмегендіктен 05 қаңтар 2023 жылы №19-06-04/82 хатымен 1 374 134,0 теңге тұрақсыздық айыппұл есептелініп, 5 жұмыс күн ішінде төлеу қажеттігі жөнінде ескертпе хаттар жауапкерге жолданған.

5 000 000 теңге қалдық қаржы келісім шарттан + 119 921 287 теңге (қараша, желтоқсан айларында игерілмеген қаржы) = барлығы 124 921 287,08 теңгені құраған.

124 921 287,08 теңге х 0,1% х 11 күн = 1 374 134 теңге.

Мұндағы: 124 921 287,08 теңге – қараша, желтоқсан айларына қаралған қаржының көлемі, 0,1% келісім шарттың 8.3 тармағына сәйкес пайыз көлемі, 11 күн (20.12.2022ж. – 31.12.2022ж. аралығы) міндеттемелерін орындамаған күндер, 1 374 134 теңге - айыппұл көлемі.

Алайда, есептелінген тұрақсыздық айыппұлдар мердігер тарапынан бүгінгі күнге дейін мемлекетке ерікті түрде төленбеген, құрылыс-монтаж жұмыстары атқарылмай, тапсырысшыға Ф-2, Ф-3 тиісті актілері өткізілмеген.

АК-нің 349-бабында міндеттеменің бұзылғандығы ұғымы көрсетілген яғни міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

Құжатқа қол қойылған: Калдиева Л. Н., 22.05.2023

Заңды күшіне енген күні: 27.07.2023, судья Калдиева Л. Н., 09.08.2023

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкердің келісім шартта көзделген міндеттемелерін орындамағанын ескеріп, сот талап қоюшының тұрақсыздық өндіру жөніндегі талабы негізді деп санап, жауапкерден 1 374 134 теңге тұрақсыздық өндіруге жатады деп табады.

АПК-нің 109-бабына сәйкес, жауапкерден талап қоюшының пайдасына мемлекеттік баж төлемін өндіру қажет.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 - баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Шымкент қаласының құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Build Stroy» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жозықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Build Stroy» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттің кірісіне 1 374 134 (бір миллион үш жетпіс төрт мың) теңге және 42 949,02 теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге наразы жақ Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 403, 404 баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья **Л.Н.Калдиева**

Құжатқа қол қойылған: Калдиева Л. Н., 22.05.2023

Заңды күшіне енген күні: 27.07.2023, судья Калдиева Л. Н., 09.08.2023